


## БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Әлеуметтік факторлар, гендер және жетістік: Тіл, Гендер және жетістік





## Тіл

Тіл қарым-қатынасқа енудің маңызды тәсілдерінің бірі болғандықтан, тілді қолданып, түсіне білу қабілетін білім беруде жетістікке жетудің маңызды факторлардың бірі деуге болады. Түрлі жанрларды қалай оқып үйренеміз, сөздік қорымызды қаншалықты дамыта аламыз дегеннің барлығы біз бетпе-бет келетін түрлі тітіркендіргіштерге байланысты. Бұл әсіресе жас бала кезде аса маңызды. Әлеуметтік шығу тегіне байланысты, балалардың лингвистикалық білімі түрлі болып келеді. Бернштейн (1971; 1973) екі түрлі тілдік код бар деген пікір айтады. Шектеулі код салыстырмалы түрде қарапайым сөздерден тұратын қысқа сөйлемдерді қамтиды. Бұл код жалпы сипаттама жасап, әңгімеге қатысушылардың сөзбен жеткізілмеген ойларды үнсіз түсінуіне негізделеді. Бұл вербалды коммуникациядан басқа ым, бет қимылы сияқты коммуникация түріне сүйенеді. Яғни, бұл – адамдардың қарым-қатынас барысында күнделікті алмасып отыратын қысқа тілі.

Күрделі код, аты айтып тұрғандай, сөйлеудің күрделі түрін қамтиды. Ол күрделі құрылымды сөйлемдерден тұратын тіл мен жан-жақты түсіндіруді қамтиды. Хабарды жеткізу кезінде кодтың бұл түрі белгілі бір болжамдарға немесе басқа да бей-вербалды коммуникацияға сүйенбейді. Оны сыпайы әлеуметтік жағдайлар мен бас қосулар кезінде қолдануға болады.

## Айдар тағу

Сыныпқа алғаш келген кезде кездейсоқ болғанымен белгілі бір мінез-құлық ерекше көзге түсіп, осыған сай сол әрекет иесіне «айдар» немесе белгі тағылады. Ол ақыл-ой қабілеті, темперамент, зейіннің болмауы, мектепке деген жағымсыз көзқарас, салқынқандылық сияқты қасиеттермен байланысты болуы мүмкін. Бұл мінез-құлықтар қайталанса, әсіресе, айталық, оқушының сыртқы келбеті, оқушы басқалармен қалай сөйлеседі, оның достары кім, яғни, ол жақсы топпен араласа ма, әлде нашар топқа көбірек жақын ба деген сияқты басқа да қасиеттер байқалып жатса, бұл белгі бекітіледі.

Белгі/этикетка/айдар теориясы оқушыларға таңылған мұндай белгілер олардың өздері жайлы сезімі мен барабарлығына әсер етеді деп көреді. Ақырында, бұл олардың нәтижесі мен жетістікке жету мүмкіндігіне әсер етеді. Белгі тағу дегеніміз, басқалар оқушылармен осы белгіге сай қатынасады деген сөз. Ат қойып, айдар тағу мен қойылған аттарға қарсы тұра білу түрлі жағдайлар мен субъектінің әлеуметтік қабілетіне немесе ертеде айтып кеткен мәдени капиталға байланысты.

## Өзін-өзі сендіру

Дугластың көрсетуінше, орта және жұмысшы тап отбасылары арасында жұмысшы тап оқушыларының отбасыларында адамның көп болуы, материалдық байлықтың болмауы, дұрыс тамақтанбау сияқты оқушының білім алуына әсер ететін бірқатар материалдық айырмашылық бар. Ол өздері де жетістікке жете алған орта тап ата-аналары балаларының білім беру жүйесінде жетістікке жетуіне көмектесе алатынын байқаған. Олар балаларын алға сүйреп, мектеппен хабарласып, балаларының жетістігі жайлы мұғалімдермен еркін сөйлесе алған. Жұмысшы тап ата-аналары да балаларының жетістікке жеткенін қалайды, алайда, оған қалай қол жеткізуге болатынын жақсы біле бермейді. Олардың өздері де мектепте жақсы оқымағандықтан, балаларының жетістігі жайлы мұғалімдермен сөйлесуге батылы бара бермейді, сондықтан, мұғалімдерден балаларының академиялық жетістігінен гөрі мінез-құлқы жайлы сұрағанды жөн көреді. Мұғалімдер оқушылары жайлы тез хабардар болып, олардың қаншалықты жетістікке жететіні жайлы пікір қалыптастырады. Дуглас мұғалімдердің бұрын қандай да бір жетістікке жеткен орта тап оқушыларынан еркінен тыс жақсы нәтиже күтетінін байқаған. Дәл осы оқушылардың кейіннен жақсы нәтиже көрсеткені анықталған. Дугластың ойынша, бұл оқушылардың қабілеті мен олардың әлеуметтік жағдайының жақсы екендігімен және өздерін-өздері сендіре білуімен тығыз байланысты.

## Гендер және жетістік

### Жыныс және гендер Анықтаушы терминдер

Біздің барлығымызды жіктеп, анықтау үшін қолданылып жүрген «жыныс» және «гендер» терминдерін алдымен анықтап алғанымыз жөн. Жыныс деп біздің биологиялық қалпымызды айтамыз. Ол бізді әйел және еркек деп бөліп көрсетеді. Биологиялық ерекшеліктерге хромосомдар, гормондар және жыныстық



орган, денедегі түк, дене бітімі сияқты тағы басқа физикалық жыныстық сипаттамалар жатады. Ал, гендер деп маскулиннен және фемининнен тұратын әлеуметтік құрылымды айтамыз. Бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлық, түр-әлпеті, сенімдері мен көзқарастарының арасында болуы мүмкін ұқсастық. Ерлер мен әйелдерге қатысты сипаттардың қаншасы биологиялық тұрғыдан анықталады, қаншасы әлеуметтік құрылымға жатады деген мәселе бойынша таластар болып келді.

### **Гендер терминінің пайда болуы**

Гендерді маскулин мен фемининнің екі түрі ретінде көрсету адамдарды жыныстық бинарлық сызықтың екі жағына жататын қарама-қайшы тіршілік иелері ретінде анықтауға алып келеді. Осылайша, ерлер мен әйелдер стереотиптерін мысалы, ер адам әйелге қайшы, қатты жұмсаққа қайшы, рационалды эмоционалдыға қайшы болып келетіні сияқты диаметрлік қарама-қарсылық ретінде сипаттауға болады.

Нақты сырт келбет пен мінез-құлық үстейтін гендерлік сипаттар әсіресе өзін-өзі енді тани бастаған жастардан бұл стереотипке сәйкес келуін талап етуі мүмкін. Оларға өзгеше немесе «басқа» деп берілген анықтама жастардың өздерін танып білуіне қатты әсер етеді.

### **Терминдер**

Маскулин - ерлерге тән деп саналатын физикалық, психикалық және мінез-құлық ерекшеліктер кешені.

Феминин - тән деп саналатын физикалық, психикалық және мінез-құлық ерекшеліктер кешені.

### **Сұрақтар:**

1. Білім алу/беру процесіндегі тілдің орны қандай?
2. Айдар тағу, өзін-өзі сендіру дегеніміз не?